

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің инвестициялық өтінімге сараптама ұйымдастыру мен жүргізу және келісім-шартты әзірлеу кезінде мемлекеттік органдардың мамандарын, кеңесшілерді, консультанттар мен тәуелсіз сарапшыларды тартуының тәртібі туралы" ережені бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті Төрағасының 1997 жылғы 17 мамырдағы N 14 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 15 қазанда тіркелді. Тіркеу N 395. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 7-п бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының , "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысының қабылдануымен байланысты, " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес бұйырамын:

1. Инвестициялар мәселелері жөніндегі мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

6) "Қазақстан Республикасы Инвесторлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің инвестициялық өтінімге сараптама ұйымдастыру мен жүргізу және келісім-шартты әзірлеу кезінде мемлекеттік органдардың мамандарын, кеңесшілерді, консультанттар мен тәуелсіз сарапшыларды тартуының тәртібі туралы" ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 17 мамырдағы N 14 қаулысы (1997 жылғы 15 қазан N 395)....

Т ө р а ғ а

"Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің инвестициялық өтінімге сараптама ұйымдастыру мен жүргізу және келісім-шартты әзірлеу кезінде мемлекеттік органдардың мамандарын, кеңесшілерді, консультанттар мен тәуелсіз сарапшыларды тартуының тәртібі туралы" ереже бекітілсін.

Төраға

Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
И н в е с т и ц и я л а р	ж ө н і н д е г і
м е м л е к е т т і к	к о м и т е т і н ің
1 9 9 7	ж ы л ғ ы
1 7	с ә у і р д е г і

N 14 қаулысымен бекітілген

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің инвестициялық өтінімге сараптама ұйымдастыру мен жүргізу және келісім-шартты әзірлеу кезінде мемлекеттік органдардың мамандарын, кеңесшілерді, консультанттар мен тәуелсіз сарапшыларды тартуының тәртібі туралы"

ЕРЕЖЕ

Осы Ереже "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы Заңына (бұдан әрі "Заң") әзірленді және Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің (бұдан әрі "Комитет") инвестициялық өтінімді ұйымдастыру мен жүргізу және келісім-шартты әзірлеу кезінде мемлекеттік органдардың мамандарын, кеңесшілер мен тәуелсіз сарапшыларды тартуына байланысты қ а т ы н а с т а р д ы р е т т е й д і .

Осы Ережеде пайдаланылатын айқындамалар мен терминдер осы Заңдағы айқындамалар мен терминдерге сәйкес келеді.

I. Жалпы ереже

1.1. Инвестициялық өтінімге сараптама жүргізу және келісім-шартты әзірлеу кезінде Комитет мемлекеттік органдардың мамандарын, кеңесшілерді консультанттар мен тәуелсіз сарапшыларды тартуға құқылы.

1.2. Комитеттің мемлекеттік органдардың мамандарын, кеңесшілер мен консультанттарды тартуының мақсаты инвестициялық жобаның Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары мен Комитеттің белгіленген талаптарына сәйкестігін айқындау үшін арнайы танымдар алу болып табылады.

Комитеттің тәуелсіз сарапшыларды тартуының мақсаты инвестициялық жобаның объективті бағалауын айқындау үшін арнайы танымдарды пайдалана отырып сараптама жүргізу болып табылады.

1.3. Комитет инвестициялық жобаны қарау және келісім-шартты әзірлеу

процесінде сараптаманың мынадай түрлерін ұйымдастыруға және жүргізуге қ ұ қ ы л ы :

- инвесторда жобаны жүзеге асыру үшін қаржы, ұйымдастыру және техникалық мүмкіншіліктердің бар-жоқтығы;

- заң сараптамасы;

- жобаның қаржы және экономикалық сараптамасы;

- техникалық сараптама;

- экологиялық сараптама;

- сараптаманың басқа да түрлері, оның ішінде инвестициялық жобаның ерекшеліктеріне қарай Қазақстан Республикасының заңдары бойынша міндеттілері.

II. Айқындамалар

2.1. Тиісті мемлекеттік органның қажетті біліктілігі бар штаттағы қызметкері мемлекеттік органның маманы болып табылады.

2.2. Қажетті біліктілігі бар жеке тұлға, немесе қажетті біліктілігі, жұмыс тәжірибесі бар мамандар штатына ие, сондай-ақ егер, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген болса, тиісті лицензиясы бар заңды тұлға кеңесші, консультант болып табылады.

2.3. Қажетті біліктілігі, жұмыс тәжірибесі бар мамандар штатына ие (бұрынғы қызметі бойынша мүмкіндігінше оң ұсыныстамалары болғаны жөн), сондай-ақ бұл Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген болса, тиісті лицензиясы бар заңды тұлға тәуелсіз сарапшы болып табылады. Тәуелсіз сарапшының Комитет пен инвесторға ұйымдық немесе материалдық тәуелділігінің болмауы міндетті.

III. Мемлекеттік органдардың мамандарын, кеңесшілерді, консультанттар мен сарапшыларды тартудың тәртібі

3.1. Комитет мемлекеттік органдардың мамандарын, кеңесшілерді, консультанттар мен сарапшыларды мынадай жағдайларда тартады:

- арнайы танымдарға қажеттілік туындағанда;

- тәуелсіз сараптама жүргізуге қажеттілік туындағанда;

- Комитет пен инвестордың арасында тараптардың кез келгенінің бастамашылығы бойынша даулы жағдайлар туындағанда.

3.2. Мемлекеттік органның маманын таңдауды Комитет өтінімінің негізінде осы органның басшысы жүзеге асырады. Комитеттің маман беру туралы өтінімінде мәселелер мен сараптаманы жүргізудің мерзімі көрсетіледі.

3.3. Кеңесшіні, консультантты таңдауды Комитет бекіткен кеңесшілердің, консультанттардың арасынан Комитет жүзеге асырады.

3.4. Тәуелсіз сарапшыны таңдауды Комитет бекіткен тәуелсіз сарапшылардың тізімін алған соң бес күннің ішінде инвестор жүзеге асырады.

IV. Комитеттің мемлекеттік органдардың мамандарына, кеңесшілерге, консультанттарға және тәуелсіз сарапшыларға қатысты өкілеттіктері

4.1. Комитет мемлекеттік органдардың мамандарын, кеңесшілерді, консультанттар мен тәуелсіз сарапшыларды тарту кезінде:

- дәлелді жауаптар беруге қажет мәселелердің тізбесін айқындауға;
- консультациялар мен сараптамалардың нәтижелері бойынша түсіндірмелер (оның ішінде жазбаша) талап етуге;
- егер алғашқы консультацияны немесе сараптаманы толық емес немесе жеткіліксіз деп санаса, қосымша консультация немесе сараптама жүргізуді талап етуге ;
- консультациялар мен сараптамалардың мерзімдерін белгілеуге;
- консультация немесе сараптама жүргізу процесінде кеңесшіге, консультантқа, тәуелсіз сарапшыға белгілі болған ақпараттық құпиялылығын талап етуге ;
- сараптаманың жүру барысын бақылауға құқылы.

4.2. Сараптама жүргізу процесінде кеңесшіге, консультантқа, тәуелсіз сарапшыға сараптаманың нәтижесін өзгертуге комитеттің кедергі жасауына (оның ішінде материалдық) тиым салынады.

V. Мемлекеттік органдар мамандарының, кеңесшілердің, консультанттардың және тәуелсіз сарапшылардың жауапкершілігі

5.1. Мемлекеттік органдардың мамандары, кеңесшілер, консультанттар және тәуелсіз сарапшылар сараптаманың сапалы және уақтылы жүргізілуін, сараптамаға ұсынылған құжаттардың сақталуын және құпиялылықтың сақталуын қамтамасыз етеді .

5.2. Мемлекеттік органдардың мамандары, кеңесшілер, консультанттар мен тәуелсіз сарапшылар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүргізілген сараптама үшін, оның ішінде материалдық та жауапкершілікте болады.

VI. Мемлекеттік органдардың мамандарының, кеңесшілердің, консультанттардың және тәуелсіз сарапшылардың қызметтеріне ақы төлеу

6.1. Мемлекеттік органдардың мамандарының қызметтеріне ақы төленбейді.

6.2. Кеңесшінің, консультанттың және тәуелсіз сарапшының қызметтеріне сараптаманың нәтижесіне қарамастан Комитет пен кеңесшінің, консультанттың, тәуелсіз сарапшының арасында жасалған шартқа сәйкес ақы төленеді.

6.3. Комитеттің кеңесшінің, консультанттың, сарапшының қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі шығыстарын инвестициялық жобасына кеңесші, консультант, сарапшы талдау жасаған инвестор өтейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК